



«Ақтөбе гуманитарлық колледжі» МКҚК



Нұрғалиев Ералы Губаевич – Ақтөбе гуманитарлық колледжінің директоры. 1963 жылы Орынбор облысында дүниеге келген.

1990 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын тарих, қоғамтану және совет құқығы мамандығы бойынша, 2003 жылы Қазақ Мемлекеттік заң университетін юриспруденция мамандығы бойынша тәмамдаған.

Жалпы еңбек өтілі - 34 жыл. Еңбек жолын 1980 жылы «Актюбинсксельмаш» заводынан бастаған.

1981-1983 жылдары Совет Армиясы қатарында борышын өтейді. Орынбор мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, кейін Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының тарих, қоғамтану және совет құқығы мамандығы бойынша оқуын аяқтаған.

1990- 1992 жылдары Қазақстан ЛКСМ Ақтөбе қаласы комитетінде нұсқаушы, Ақтөбе педагогикалық институтында комсомол комитетінің хатшысы, жалпы тарих кафедрасының оқытушысы.

1992-1995 жылдары Ақтөбе облысы әкімдігінде облыс жастар ісі комитетінің төрағасы, облыстық жастар, туризм және спорт басшысының орынбасары.

1995- 2000 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті ректорының көмекшісі.

2000-2001 жылдары Ақтөбе қаласы №4, №35 орта мектебінің директоры, 2002-2005 жылдары Қазақ Мемлекеттік заң университеті ректорының көмекшісі, әлеуметтік-экономикалық сұрақтары бойынша проректор.

2006-2012 жылдары қалалық әкімдікте Ақтөбе қаласы спорт және денешынықтыру бөлімінің бастығы, білім бөлімінің бастығы, ішкі саясат бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

2012 жылдан Ақтөбе гуманитарлық колледжі директоры

«Ақөбе гуманитарлық колледжі» МКҚК



Құрылған жылы: 1922 жыл

Директор: Нұрғалиев Ералы Губаевич

Ортақ аудан: 4190 м.кв.

Жобалықтың алымдылығы: 1990

Студенттердің жалпы құрамы: 1938 студент, оның ішінде күндізгі бөлімде – 1417 білім алушы, сырттай бөлімде – 521 білім алушы

Материалдық база: 1 оқу ғимараты, 350 орындық жатақхана

Қызметкерлердің жалпы саны: Барлық жұмысшылар–244, оның ішінде педагогтардың саны – 182, психолог – 1, әлеуметтік педагог – 1, кіші қызметкерлер саны - 60

Педагогтардың сапалық құрамы: Барлық педагог – 184, оның ішінде жоғары білімді – 173, магистрлер саны – 11. Жоғары

категориялы педагогтардың саны – 52, бірінші категориялы – 39, екінші категориялы – 48.

2013 – 2014 оқу жылындағы жетістіктер:

- «Жас ғалым – мемлекеттің интеллектуалдық потенциалы» тақырыбындағы облыстық ғылыми-практикалық конференцияда Мк-305 топ студенті Орын Миржан I орын;
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы өткізген шарада Мк-305 топ студенті Сарсембаева Ақмарал III дәрежелі диплом;
- «Балаларға берілген жүрек» атты қашықтықтан өткен республикалық педагогикалық олимпиада Мк-205 топ студенті Борисова Әйгерім сертификат;
- Мк-315 топ студенті Ү.Шенберген инновациялық, ғылыми және өнертапқыштық қызметтегі жетістіктері және Ақтөбе қаласының қоғамдық-саяси өмірін дамытуға қосқан үлесі үшін Ақтөбе қаласы әкімінің дипломымен марапатталды.
- Тәуелсіздік күніне рай өткізілген Республикалық сайыс, волейбол
- Балалар мен жасөспірімдер арасында хор өнерінің әлемдік чемпионаты, Санкт-Петербург, қола жүлде
- «Жұбанов көктемі-2014» халықаралық хор фестивалі, Ақтөбе, гран при





Оқу үдерісінен көрініс





Колледж мұражайы



Көрме «Ұлттық костюмдер». «Дизайн» мамандығы студенттері



Колледж спортсмендері



Санкт-Петербург-2014. Колледж хоры



Колледждің би ансамблі



Шеберханада

**Колледж
жатақханасында**

